■ Бағдарлама нөмірін бұғаттау

1  Бұғатталатын бағдарлама нөмірін таңдаңыз.

2 **Сары** Бағдарлама нөмірін сары түске ауыстырыңыз.

3 **Сары** Жіберу.

- Тіпті Бұғаттау жүйесі ажыратулы болса да, ол бұғатталған бағдарлама ретінде тіркеледі.

■ Сүйікті бағдарламаны таңдау

Сүйікті бағдрламалар - бұл Өзініз таңдаған бағдрламаларды жылдам табуға мүмкіндік беретін ыыңғайлы функция болып табылады және Теледидардан болады барлық арлық бағдрламалардын арасынан іздеуін қүтудін қажеті жоқ.

1  қажетті бағдарламаны таңдау.

2 

Тиісті бағдарламаны Таңдаулы тізіміне немесе ағымдық Таңдаулы тобына қосыңыз.

3 

Жіберу.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

■ Таңдаулы бағдарламалар тобын таңдау

1  қажетті бағдарламаны таңдау.

2 

Таңдаулы топты өзгертуге болатын қалқымалы терезені бейнебетке шығарыңыз.

3 

Таңдаулы тобын таңдаңыз.

BOOSTER («Сигнал күшейткіші»)

Сигнал әлсіз болса, Booster («Сигнал күшейткіші») параметрін On («Қосылған») күйге келтіріңіз. Сигнал күшті болғанда Off («Өшірілген») күйін таңдаңыз.



1 MENU **ОРНАТУ** таңдаңыз.

2 OK **Күшейткіш** параметрін таңдаңыз.

3 OK **Қосу** немесе **Сөндіру** таңдаңыз.

4 OK Сақтау.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

АҚПАРАТ CI [ЖАЛПЫ ТІЛДЕСУ]

Бұл функция кейбір шифрланған қызметтермен колдануға рұқсат етеді (ақылы қызметтер). Егер Сіз CI үлгісін алып тастасаңыз, онда ақылы қызметтермен колдана алмайсыз. Қашан үлгі CI ажыратқышына салулы, үлгі мәзірін колдануға болады. Үлгіні және смарт-картаны алу үшін, сіздің дилеріңізге жолығыңыз. Теледидардан тым жиі CAM үлгісін салмаңыз және жоймаңыз. Бұл зақымдалуға әкелуі мүмкін CI үлгісін салғаннан кейін теледидар қосылғанда, Сіз дыбысты естімейсіз.

Бұл CI үлгіден және смарт-картадан тәуелді нашар бейнелеуден болуы мүмкін.

ЖИ (Жалпы интерфейс) қызметі таратүшы ел шарты негізінде Қолданыла алмайды.

CAM (Шартты Қатынас Модулі) пайдаланылған кезде, оның DVB-CI немесе CI плюс талаптарына толық жауап беретіндігіне көз жеткізіңіз.



1 MENU **ОРНАТУ** таңдаңыз.

2 OK **CI Ақпараты** таңдаңыз.

3 OK Қалаған бөлімді таңдаңыз: Модуль ақпараты, смарт карта ақпараты, тіл немесе бағдарлама жүктеу т.б.

4 OK Сақтау.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖАҢАРТУ

Құрылғының жұмысын жақсартып, жаңа мүмкіндіктерді қосу үшін теледидарды соңғы бағдарламалық құралмен жаңартуға болады.
Теледидарды тікелей бағдарламалық құралдың жаңарту серверіне жалғау арқылы жаңартуға болады.
Бағдарламалық құралды жаңарту функциясы интернет ортасына байланысты дұрыс істемеуі мүмкін.
Бұндай жағдайда, соңғы бағдарламалық құралды өкілетті LG Electronics қызмет көрсету орталығынан алып, теледидарды жаңартуға болады.



1 MENU **Қызыл** **Тұтынушыға қолдау көрсету** таңдаңыз.

2 **Бағдарламаны жаңарту** таңдаңыз.

3 OK **Қосу** немесе **Сөндіру** таңдаңыз.
• Егер таңдалса **Қосу**, пайдаланушы табылған бағдарламалық қамтамасыз ету туралы хабардың терезесінде көрсетілген әрекетті растау керек.

4 OK Сақтау.

• Желі серверінде бағдарламалық құралды қолмен жаңарту үшін **Жаңарту нұсқасын тексеру** пәрменін пайдаланыңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

■ Егер таңдалса “Бағдарламаны жаңарту”

Кейде, жаңартылған цифрлық бағдарламалық ақпараттың жіберілуі теледидардың экранында келесі мәзірде болдырады.



Қарапайым жаңарту: қазіргі жаңарту ағымы үшін



Кестені жаңарту: жоспарланған жаңарту ағымы үшін Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірі ажыратылған кезде, оны қосу туралы хабар пайда болады.

Интернетке жалғанған күйде жаңа бағдарламалық құрал қолжетімді болғанда келесі хабар көрсетіледі.



"Yes" (иә) таңдалған кезде, файлды қотару басталады. Осы кезде қотару барысын көрсететін қалқымалы терезе көрінбейді. Қотару барысын Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірінде тексеруге болады.



Терезе қотару аяқталғаннан кейін бейнебеттің төменгі жағында пайда болады. "Yes" (иә) таңдалған кезде, теледидардың жұмысы қайта басталады.



- Бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту үдірісінде, келесіні есте сақтаңыз:
• Теледидарға қоректенудің берілуі үзілмеу керек.
• Бағдарламалық жасақтаманы жаңартылғаннан кейін оның жаңа нұсқасын Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірінде растай аласыз.
• Бағдарламалық жасақтаманы қотарып алу үшін бірнеше сағат керек, сондықтан қотару кезінде қуаттың болуын қадағалаңыз.
<Қарапайым жаңарту, жоспарлы жаңарту>
• Антеннаны ажыратуға болмайды.
• Бағдарламалық жасақтама тек күту режимінде немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-те қотарылады және қуат сымы суырылғанда немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметінсіз MUX қараған кезде тоқтайды.
• Сіз Күту режиміне немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-ке оралғанда, бағдарламалық жасақтаманы қотару тоқтаған жерінен қайта басталады.
<Желі арқылы жаңарту>
• Бағдарламалық құрал жаңартылып жатқанда желіні ажыратуға болмайды.
• NetCast қызметін ашқанда, жаңа бағдарламалық құрал жаңартуын орнату қажет болса, бағдарламалық құралды жаңартпай, NetCast қызметін қолдана алмайсыз.
• Бағдарламалық құрал жаңартылып жатқанда NetCast қызметі ашылмайды.

СУРЕТТІ/ДЫБЫСТЫ ТЕКСЕРУ

Бұл функция – суреттер мен дыбысты тексере алатын, тұтынушыларды қолдау функциясы



1 MENU Қызыл **Тұтынушыға қолдау көрсету** таңдаңыз.

2 **суретті тексеру** немесе **дыбысты тексеру** таңдаңыз.

3 OK **Иә** немесе **Жоқ** таңдаңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

ДИАГНОСТИКА

Бұл функция өндіруші, үлгісі/түрі, сериялық нөмірі және бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы сиякты мәлімдеулерді алуға рұқсат етеді.

Бапталған мультиплексордың сигнал күші және ақпарат бейнеленеді.
Сигнал және таңдалған мультиплексордың сервистік аты туралы ақпарат көрсетіледі.
(*MUX: Сандық таратудағы арналардың жоғарғы каталогы (дара MUX түрлі арналарды ҚАМТИДЫ.))



1 MENU **Қызыл** **Тұтынушыға қолдау көрсету** таңдаңыз.

2 **Сигналды тексеру** таңдаңыз.

3 OK Өндіруші, Үлгі/Түр, Серия нөмірі және бағдарлама нұсқасын бейнелеңіз.

4 OK Арна туралы ақпаратты бейнебетке шығарыңыз.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫ/ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұл функция – құрылғы/қызмет туралы ақпаратты және тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының ақпаратын көре алатын, тұтынушыларды қолдау функциясы.



1 MENU **Қызыл** **Тұтынушыға қолдау көрсету** таңдаңыз.

2 **Өнім/қызмет ақпараты** таңдаңыз.

3 OK Бейнебетке ҮЛГІСІ/ТҮРІ, бағдарламалық жасақтама нұсқасы, сериялық нөмір, пайдаланылған уақыт, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы мен Басты бетті шығарыңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ЖЕЛІНІ ТЕКСЕРУ

Желі күйін тексеріңіз.



1 MENU **Қызыл** **Тұтынушыға қолдау көрсету** таңдаңыз.

2 OK **Желіні тексеру** опциясын таңдаңыз..

3 OK Желі күйін тексеріңіз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

SIMPLE MANUAL (ҚАРАПАЙЫМ НҰСҚАУЛЫҚ)

Теледидардағы қарапайым нұсқауды қарап, Теледидар туралы ақпаратқа оңай және тиімді қатынай аласыз.



■ Көрсетілген бейне ТД көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін



---

1 MENU **Жасыл** **Қарапайым нұсқаулық** таңдаңыз.

2 Көргіңіз келетін нұсқау бөлігін таңдаңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **EXIT(КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.

БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІН ШАҚЫРУ

Есте қалғандығын экранға бағдарлама кестесін шақыру арқылы тексеруге болады.

Сөздік

Бұғатталған бағдарламаны таңдаған кезде бейнеленеді.



■ Бағдарлама кестесін экранға шығару

1 LIST **Бағдарламалар тізімі** шығарыңыз.

- Кейбір бағдармалар көк түсте болса, онда бағдарламалар автоматты икемдеу не редакциялау болғаны.
- Кейбіреуінде канал нөмері ғана керінген онда бекет аты жоқ.

Көк Бағдарламаны өңдеуді іске қосыңыз.

■ Бағдарлама кестесіндегі таңдау

1 Бағдарламаны таңдаңыз.

2 OK таңдалған бағдарлама нөміріне өтіңіз.

TV/RAD Режим қазір сіз қарап отырған бағдарламадан ТД, СТД және Радио режимдеріне кезек ауысатын болады.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

■ Бағдарлама кесте беттерін қарап шығу

1 

Беттерді бұрыңыз.

2 

Қалыпты ТД қарау күйіне оралыңыз.

■ Сүйікті бағдарламалар тізімін көрсету



1 

Сүйікті бағдарламалар тәзәмін көрсетіңіз.

Көк Бағдарламаны өңдеуді іске қосыңыз.

Сары Ағымдық арна қазіргі таңдалған Топтағы таңдаулы арна ретінде тіркеледі/ өшіріледі.


Таңдаулы топ өзгереді.

КІРІСТЕР ТІЗІМІ

HDMI және AV1(SCART) байланыс орнатқыш арқылы табылады және осыған сәйкес оны сыртқы құрылғы кернеуді мақұлдаған кезде ғана қосуға болады.

TV/RAD түймешігін қолдана отырып, Сыртқы кірістерін РЖ кірісіне және СТД/РАДИО/ТД күйіне жылжыуыңызға болады.

■ Көрсетілген бейне ТД көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін





Кіріс қор көзін таңдаңыз.

- **Антенна** немесе **Кабель** : DTV/ Радио ТД қарау кезінде таңдаңыз.
- **USB :** Оны ағытпаға қарай USB пайдаланған кезде таңдаңыз.
- **AV** : VCR немесе сыртқы жабдық қарау кезінде таңдаңыз.
- **Құрамдас** : DVD немесе Сандық құрылғы қосқышқа тәуелді болады.
- **RGB** : ДК қосқышка тәуелді болғанда, осыны таңдаңыз.
- **HDMI** : DVD, ДК немесе Сандық құрылғы қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

КІРІС БЕЛГІСІ

Әрбір кіріс көзі үшін арналған жапсырманы таңдау үшін.

■ Көрсетілген бейне ТД көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін



1 INPUT **Көк** **Кіріс жапсырмасы** таңдаңыз.

2 Қор көзін таңдаңыз.

3 Белгіні таңдаңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ДЕРЕКТЕР ҚЫЗМЕТІ

(Бұл мәзір тек Ирландияда ғана жұмыс істейді)
Бұл функция пайдаланушыларға екеуі де бір уақытта болған жағдайда **MHEG(Digital Teletext) (Сандық телемәтін)** және **Teletext** арасында таңдау мүмкіндігін береді
Элементтердің біреуі ғана болған жағдайда сіздің қандай опцияны таңдағаныңызға тәуелсіз түрде не **MHEG** немесе **Teletext** ғана қосылады.



1 MENU **ПАРАМЕТР** таңдаңыз.

2 OK **Data Service(Деректер қызметі)** таңдаңыз.

3 OK **MHEG** немесе **Teletext** таңдаңыз.

4 OK Сақтау.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

MHP қызметі

(Бұл мәзір тек Италияда істейді.)

(Тек қана 32/37/42/47/55LE58, 32/37/42/47/55LE78**, 42/47/55LE88**, 32/37/42/47/55LD68**, 32/42/47LD78**, 32/37/42LD88**, 50/60PK78**, 50/60PK98**)**

Бұл — MHP, Итальян дерек тарату қызметінің Авто бастау функциясы.
MHP сигналы бар арнада қолданыңыз.
Дерек тарату функциясы тарату станциясындағы жағдайға байланысты дұрыс істемеуі мүмкін.





ПАРАМЕТР таңдаңыз.



MHP платформасын авто бастау параметрін таңдаңыз.



Қосу немесе **Сөндіру** таңдаңыз.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

■ MHP Auto start «Қосулы» күйінде тұрғанда

1 Қызыл **MHP** көрсету.

■ MHP Auto start «Сөндірулі» күйінде тұрғанда

1 APP/* **MHP қолданбаларының тізімі** тізімін экранға шығарыңыз..

2 OK Қалаған MHP таратуын таңдаңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

SIMPLINK

Тек қана SIMPLINK логотипі бар құрылғыда жұмыс істейді SIMPLINK логотипінің болуын тексеріңіз.

Өнімді басқа өнімдегі HDMI-CEC мүмкіндігімен пайдаланатын болсаңыз дұрыс істемеу де мүмкін.
Осы функция басқа бейнежабдықтағыштарды басқаруға HDMI кабелі көмегімен теледидарға қосылуға басқа кабельдерсіз және күйге келтірусіз мүмкіндік береді

Осы функцияны сөндіру үшін СӨНДІРУ менюдегі SIMPLINK таңдаңыз.



1 SIMPLINK функциясын бейнебетке шығарыңыз.

2 **Қосу** немесе **Сөндіру** таңдаңыз.

3 Сақтау.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

Үй театрын SIMPLINK белгісімен қосу.

1. ТД артындағы **HDMI/DVI IN 1(DVI)**, **HDMI/DVI IN 2**, **HDMI/DVI IN 3** немесе **HDMI IN 4** (32/37/42/47/55LD6***, 32/42/47LD7*** басқалар үшін) терминалын және Үй театрының HDMI шығыс терминалын HDMI кабельдерін қолдана отырып, қосыңыз.
2. ТД артындағы Сандық, аудио шығыс терминалын және Үй театрының Сандық Кіріс терминалын оптикалық кабельдер қолдана отырып қосыңыз.
3. **SIMPLINK** түймешігін басу арқылы Үндеткіш мәзіріндегі Үй театрын таңдаңыз.



Үй театры

► Үй кинотеатры функциясы бар құрылғының байланыс жүйесін таңдағанда немесе іске қосқанда дауыс зорайтқыш автоматты түрде HT Дауыс зорайтқышына қосылады (Үй кинотеатрымен тындау).

ЕСКЕРІМ

► Теледидардың HDMI/DVI IN (HDMI/DVI KiPiCi) немесе HDMI IN (HDMI KiPiCi) ұясын HDMI кабелі арқылы SIMPLINK құрылғысының ұясына (HDMI ұясына) жалғаңыз.

► Егер кіру көзі дистанциялық басқару пультіндегі INPUT түймесі арқылы немесе басқаша әдіспен басқа жаққа өзгертілген болса, SIMPLINK-пен жұмыс істеуші құрылғы жұмысын тоқтатады.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

SIMPLINK ФУНКЦИЯСЫ

Қосу

^ v < > , OK, ▶, ■, II, ◀◀ және ▶▶ түймелерін басу арқылы қосылған AV құрылғыларын басқарыңыз.

Тікелей қосу

Бейнежабдық теледидарға қосылғаннан кейін тікелей қосымша күйге келтірусіз басқаруға болады.

Бейнежабдықты таңдау

Теледидарға қосылған бір жабдықты таңдап басқаруға мүмкіндік береді.

Бүкіл жабдықты сөндіру

Теледидар қоректендіргіштері сөндірілгенде, бүкіл жабдықтарда сөнеді

Аудиошығыс ауыстырылып қосылуы

Аудиошығыстың ауыстырылып қосылуына жеңіл мүмкіндік береді

Синхрондау қорегін қосу

Simplink функциясы бар жабдық қосылған кезде HDMI терминалы ойнатуды бастайды. ТД автоматты түрде режимді автоматты түрде өзгертеді.

*Теледидарға HDMI кабелі көмегімен қосылған жабдықтар және Simplink, функциясын құптамайтын жабдықтар жоғарыда айтылған жүйелерді қамтымайды Ескерім: SIMPLINK жұмыс істеуі үшін *CEC функциясы бар 1.3 нұсқасынан жоғары HDMI кабелі қолданылуы тиіс. (*CEC: Тұрмыстық электрониканы басқару).

МӘЗІР SIMPLINK

Батырманы нұқыңыз, содан кейін ^ v < > ОК батырманың көмегімен таңдаңыз қажетті құрылғыны SIMPLINK.

1. **ТД қарастыру:** Ағымды тәртіпке қарамастан алдыңғы каналға ауыстырып қосады.
2. **Дискті ойнату :** Салынған дискті таңдайды және ойнатады.
   Бірнеше диск болған жағдайда, дискі құрылғысының түрі бейнебеттің төменгі жағында ыңғайлы түрде көрсетіледі.
3. **Бейнемагнитофонның кассетасын ойнату:** Бейнемагнитофонмен басқарады және кассетаны ойнатады.
4. **Қатты дискідегі жазуларды ойнату:** Қатты дискідегі жазулармен басқарады және ойнатады.
5. **Аудиошығыс үй кинотеатры үшін/ Аудиошығыс теледидар үшін :** Үй кинотеатрын немесе теледидар динамигін аудиошығыс ретінде таңдайды.



• Үйдегі театр: Біреуі ғана бір уақытта қолданылады.

• DVD, Жазғыш : Бір уақытта үшеуіне (тек 32/37/42/47/55LD6***, 32/42/47LD7***), төртеуіне (тек 32/37/42/47/55LE5***, 32/37/42/47/55LE7***, 42/47/55LE8***, 50/60PK5**, 50/60PK7***, 50/60PK9***) қолдау көрсетіледі.

• Бейнемагнитофон: Біреуі ғана бір уақытта қолданылады.

ТД / БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУҒА ШОЛУ

AV КҮЙІ

AV құрылғысын сыртқы кіріске қосу барысында ең орнықты бейнелер мен дыбыстарды таңдауынызға болады.

Сөндіру AV РЕЖИМІН ажыратады.
Кинотеатр Қаралатын кинолар үшін бейне және аудио оңтайландырады.
Спорт Қаралатын спорттық оқиғалар үшін бейне және аудио оңтайландырады.
Ойын Ойналатын ойындар үшін бейне және аудио оңтайландырады.





Қалаған қор көзі үшін **AV MODE** түймесін бірнеше қайтара басыңыз.



- Егер AV mode ішінен Кинотеатр күйін таңдасаңыз, СУРЕТ мәзірі мен сәйкесінше ДЫБЫС мәзірінен Кинотеатр күйі Сурет режимі және Дыбыс режимі үшін таңдалады.
- AV mode үшін “**Off**” in AV mode таңдасаңыз, бастапқыда орнатылған бейне мен бейне таңдалады.

ТҮСІРІС(ӨНДІРУШІНІҢ КҮЙГЕ КЕЛТІРУІНЕ ҚАЙТУ)

Бұл функция барлық параметрлерді баптаңдырады.
Бірақ Сурет режимінің **Күн** және **Тун** параметрлері баптаңдырылмайды.
Бұл өнімді баптаңдыру үшін немесе басқа қала немесе елге көшкенде пайдалы.
Зауыттық мәндерді қалпына келтіру аяқталған кезде Баптаңдыру орнатпасын қайта іске қосуыңыз қажет.

Жүйені бұғаттау мәзірі қосылған кезде, құпия сөзді енгізу хабары пайда болады.



1 MENU **ПАРАМЕТР** таңдаңыз.

2 OK **Өндіруші орнатқан күйге келтіру** таңдаңыз.

3 OK **Иә** таңдаңыз.

4 OK Зауыттық мәндерді қалпына келтіруді бастаңыз.

• Жүйені бұғаттау мәзірі қосылғанда, құпия сөзді ұмытып кетсеңіз, қашықтан басқару құрылғысында 0', 3', 2', 5' дегенді басыңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

NETCAST

Legal Notice («Ресми ескерту»)







ЖЕЛІ параметрін таңдаңыз.



Ресми ескерту параметрін таңдаңыз.



Ресми ескертуді тексеріңіз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.

ЖЕЛІ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ

Осы құрылғы арқылы қол жеткізуге болатын барлық мазмұн мен қызметтер үшінші тарап меншігі болып табылады және авторлық құқықпен, патентпен, сауда белгісімен және/немесе басқа да зияткерлік меншік туралы заңдармен қорғалған. Мұндай мазмұн мен қызметтер тек жеке, коммерциялық емес мақсатта қолдану үшін беріледі. Мазмұнды немесе қызметті мазмұн иесі немесе қызмет провайдері рұқсат етпеген жолмен пайдалануға болмайды. Жоғарыда айтылғандарды шектеместен, мазмұн иесі немесе қызмет провайдері тікелей рұқсат етпеген жағдайда, осы құрылғы арқылы ешбір мазмұнды немесе қызметтерді ешбір тәсіл немесе құрал арқылы көшіруге, жүктеуге, жариялауға, жіберуге, аударуға, сатуға, өзгертуге, туындыларын жасауға немесе таратуға болмайды.

ҚҰРЫЛҒЫ МЕН БАРЛЫҚ ҮШІНШІ ТАРАП МАЗМҰНЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ ЕШБІР ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА КЕПІЛДІКСІЗ «СОЛ КҮЙІНДЕ» БЕРІЛЕТІНІН МОЙЫНДАЙСЫЗ ЖӘНЕ КЕЛІСЕСІЗ. LG ELECTRONICS КОМПАНИЯСЫ БАРЛЫҚ МАЗМҰН МЕН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДАН, СОНЫҢ ІШІНДЕ САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ, ҚАНАҒАТТАНДЫРАРЛЫҚ САПА, БЕЛГІЛІ МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛМАУЫ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТАРТАДЫ. LG КОМПАНИЯСЫ ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛЕТІН КЕЗ КЕЛГЕН МАЗМҰННЫҢ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ТУРАЛЫҒЫНА, ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА, УАҚТЫЛЫ БОЛУЫНА, ЗАҢДЫЛЫҒЫНА НЕМЕСЕ ТОЛЫҚТЫҒЫНА КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ, СОНДАЙ-АҚ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫҢЫЗҒА САЙ БОЛУЫНА, НЕ БОЛМАСА ҚҰРЫЛҒЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ТОҚТАУСЫЗ НЕМЕСЕ ҚАТЕСІЗ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫНЫНА КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. LG КОМПАНИЯСЫ, САЛҒЫРТТЫҚПЕН ҚОСА ЕШБІР ЖАҒДАЙДА, ҚАНДАЙ ДА БІР ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, НАҚТЫ НЕМЕСЕ ҚОСАЛҚЫ ЗИЯНДАР НЕМЕСЕ МАЗМҰННЫҢ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ІШІНДЕГІ АҚПАРАТТАН НЕМЕСЕ СІЗДІҢ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ МҰНДАЙ МАЗМҰНДЫ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУЫНАН ТУЫНДАҒАН ҚАНДАЙ ДА БІР БАСҚА ЗИЯНДАР ҮШІН, ТІПТІ МҰНДАЙ ЗИЯНДАР БОЛУЫ МҮМКІНДІГІНЕН ХАБАРДАР ЕТІЛСЕ ДЕ, ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.

Үшінші тарап қызметтері ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі, кідіртілуі, жойылуы, тоқтатылуы немесе үзілуі, не болмаса оларға кіру мүмкіндігі ажыратылуы мүмкін және LG компаниясы ешбір мазмұн мен қызметтің нақты уақыт бойы қолжетімді болатынын мәлімдемейді немесе оған кепілдік бермейді. Мазмұн мен қызметтерді үшінші тараптар желілер мен тасымалдау құралдары арқылы тасымалдайды және LG компаниясы оларды қадағалай алмайды. LG компаниясы ескертусіз және кез келген жағдайда белгілі қызметтер мен мазмұнды пайдалануға шек қоюы мүмкін. LG компаниясы осы құрылғы арқылы қолжетімді болған кез келген мазмұн мен қызметтердің өзгертілуіне, тоқтауына, ажыратылуына, өшірілуіне немесе кідіртілуіне жауапты болмайтынын мәлімдейді.

LG компаниясы мазмұн мен қызметтерге байланысты тұтынушыға қызмет көрсетуге жауапты болмайды. Мазмұн мен қызметтерге қатысты қызмет көрсету туралы кез келген мәселе мен сұрау тікелей мазмұн мен қызмет провайдерлеріне жолдануы тиіс.

NETCAST

NetCast мәзірі

Бұл қызметтерді әр түрлі мазмұн провайдерлері қамтамасыз етеді.

Қызметтері туралы арнайы мәлімет алу үшін мазмұн провайдерінің веб-сайтын қараңыз. (Алайда, мазмұн провайдерлеріне байланысты кейбір мазмұн нұсқаулықтары берілмеуі мүмкін).

NetCast мәзір тармақтары елге қарай басқаша болуы мүмкін.



1 **NETCAST** мәзір тармағын таңдаңыз.

2 **AccuWeather, Picasa** немесе **YouTube** пайдалануға мүмкіндік алыңыз.

ЕСКЕРІМ

- ► Теледидардан ізделген бейнелер тізімі компьютердегі веб-браузерден ізделген бейнелер тізімінен өзгешелеу болуы мүмкін.
- ► Осы теледидардың параметрлері YouTube сайтының ойнату сапасына әсер етпейді.
- ► Кең жолақты желі жылдамдығына байланысты ойнатылып жатқан бейнелер кідіртілуі, тоқтатылуы немесе буферизация орын алуы мүмкін.
  Жылдамдығы ең төмен 1,5 Мбит/с болатын байланыс ұсынылады. Тиімді түрде ойнату үшін 4,0 Мбит/с жылдамдығы қажет. Кейде кең жолақты желі жылдамдығы интернет провайдерінің желі жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін. Үзілмейтін әрі жылдам байланысқа қол жеткізу қиынға соққанда немесе байланыс жылдамдығын арттыру қажет болғанда интернет провайдеріне хабарласыңыз. Интернет провайдерлері бірнеше кең жолақты желі жылдамдықтарын ұсынады.
- ► Мазмұн провайдері берген пайдаланушы нұсқаулығын қарау үшін http://www.lg.com веб торабына кіріңіз.
- ► Orange немесе maxdome қызметтерін қосу әдісін көру үшін ықшам диск нұсқаулығындағы (тек француз немесе неміс тілінде) Orange, maxdome тармақтарын таңдаңыз.
- ► Кіруді қажет ететін қызмет үшін компьютер көмегімен веб-тораптағы қолданбалы қызметке қосылып, теледидар арқылы кіріңіз де, түрлі қосымша функцияларды тамашалаңыз.
- ► Қызыл түймешікті басып Орнату функциясымен қажетті қаланы орнатқанда, NetCast фоны таңдалған қала ауа райына қатысты орнатылады.

• Аймақтың ауа райын көру үшін **RED** («Қызыл») түймені басыңыз

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **EXIT(КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.

YOUTUBE

YouTube — пайдаланушылар бейне клиптерін жүктейтін, көретін және ортақтасатын бейне ортақтасу веб-сайты.

YouTube сайтының экрандағы құрамдас бөліктері

❶ YouTube Мәзірі
❷ Бейнелер тізімі



Қызыл	Опция мәзірін реттеңіз.
NetCast	Netcast мәзіріне қайтыңыз.
EXIT	Теледидар көруді жалғастырыңыз.

ЕСКЕРІМ

► Youtube бейнесі толық режимде ойнатылып жатқанда, Қысқа мәзір арқылы бейне опцияларын орнатуға болады.

NETCAST

YouTube қызмет мәзірі

- **Home**: Танымал видеоны өз уақытында көру мүмкіндігі бар.
- **Маңызды** : ұсынылған бейнелер тізімі көрсетіледі.
- **Popular («Танымал»)**: YouTube серверіндегі ең жоғары бағаланған бейнелер тізімі көрсетіледі.
- **Ең көп көрсетілген** : ең көп көрілетін бейнелер тізімі көрсетіледі.
- **Іздеу** : Пернетақта мәзірі шығады.
- **Журнал** : бұрын ойнатылған бейнелер тізімі көрсетіледі. Ең көбі 20 бейне сақталуы мүмкін.
- **Таңдаулылар** : жүйеге кіру күйінде осы мәзір YouTube серверінде есептік жазбамен реттелетін бейнелер тізімін көрсетеді (кейбір бейнелер серверде реттелген болса да, Favorites («Таңдаулылар») тізімінде көрсетілмеуі мүмкін).
- **Кіру (Шығу)** : Кіру үшін пернетақта мәзірін көрсетеді немесе шығу күйіне оралады.

Ойнаған кезде

■	Бейнені тоқтатып, тиісті бейнелер тізімін көрсетеді.
II	Ойнатылып жатқанда бейнені кідіртіңіз.
►	Таңдалған бейнені ойнатыңыз.
	Ойнатуды ілгері немесе кері өткізіңіз.
Қызыл	Опция мәзірін реттеңіз.
	Netcast мәзіріне қайтыңыз.
	Теледидар көруді жалғастырыңыз.

ACCUWEATHER

Accuweather — қажетті қаланың ауа райын көруге арналған бағдарлама.

AccuWeather бағдарламасының экрандағы құрамдас бөліктері

1. **AccuWeather** мәзірі
2. Қала бойынша ауа райы тізімі
3. Қашықтан басқару пультіндегі тиісті түймелер



Қызыл	Цельсий мен Фаренгейт арасында ауысыңыз.
	Қажетті мәзірді белгілеңіз.
OK	Белгіленген мәзірді таңдаңыз.
NetCast	Netcast мәзіріне қайтыңыз.
EXIT	Теледидар көруді жалғастырыңыз.

AccuWeather қызмет мәзірі

- **Home («Жергілікті»)**: таңдалған қаланың ауа райы көрсетіледі.
- **Favorite City («Таңдаулы қала»)**: жиі тексерілетін қалаларды тіркеуге болады.

ECKEPIM

►Әдепкі мән ретінде, Нью-Йорк, Лондон және Париж тіркеледі, сондай-ақ пайдаланушы **Favorite City** («Таңдаулы қала») тізіміне қалаларды қосуы немесе одан қалаларды өшіруі мүмкін.
►LG компаниясы ауа райы болжамының дәлдігіне жауап бермейді.
►Accuweather мәліметіне байланысты, берілетін ауа райы мәліметі нақты ауа райынан басқа болуы мүмкін.

NETCAST

PICASA

Picasa — сандық сурет файлдарын өңдеуге арналған Google қолданбасы.

Picasa қолданбасының экрандағы құрамдас бөліктері

1. Picasa мәзірі
2. Фотосуреттер тізімі
3. Қашықтан басқару пультіндегі тиісті түймелер



	Қажетті фотосуретті таңдаңыз.
OK	ТАңдалған фотосурет көрсетіледі.
NetCast	Netcast мәзіріне қайтыңыз.
EXIT	Теледидар көруді жалғастырыңыз.

Picasa қызмет мәзірі

● **Home («Негізгі»)**: ұсынылған фотосуреттер тізімі көрсетіледі.

● **Friends («Достар»)**: қаланған фотосуреттерді қосып, пайдаланушыларды достар ретінде тіркеуге болады. 10 дос қосуға болады.

● **Іздеу** : Пернетақта мәзірі шығады.

● **My Photos («Фотосуреттерім»)**: интернетке жүктелген суреттерді көруге болады. Бұл функцяины тек жүйеге кіргеннен кейін пайдалануға болады.

● **Кіру (Шығу)** : Кіру үшін пернетақта мәзірін көрсетеді немесе шығу күйіне оралады.

BLUETOOTH МҮМКІНДІГІН ПАЙДАЛАНУ

(32/37/42/47/55LE5***, 32/37/42/47/55LD6***, 32/42/47LD7***, 50/60PK5** Басқалар үшін)

BLUETOOTH?

Bluetooth — компьютерлер, ұялы телефондар және жеке электронды хатшы сияқты ақпарат құрылғыларын, сондай-ақ сандық құралдарды сымсыз байланыс арқылы жалғауға 2,4 ГГц жиілікті пайдаланатын және деректерді тасымалдау үшін ешбір кабельдің жалғануын қажет етпейтін қысқа қашықтықты желі құру технологиясы.

Bluetooth байланысы функциясының көмегімен Bluetooth функциясы қосылған сымсыз гарнитураны жалғауға болады немесе осы теледидарды пайдаланып, Bluetooth функциясы қосылған ұялы телефоннан суреттерді (тек JPEG пішімінде) алуға, музыка тыңдауға болады.

• Байланыстың техникалық сипаттары: Bluetooth функциясының 2.0 нұсқасы + EDR (Жетілдірілген алмасу жылдамдығы)
• Шығыс: Bluetooth функциясының қуат дәрежесі: 2
• Байланыстың ең үлкен диапазоны: ашық жердегі сызық шамамен алғанда 10 м (30 фут)
• Жиілік жолағы: 2,4 ГГц жолақ (2,4 - 2,4835 ГГц)
• Bluetooth модулі: RBFS-B921A (плазмалық ТД), RBFS-B721A (LCD/LED LCD TV) (LG Electronics)
• Үйлесімді Bluetooth профилі: GAVDP (Жалпы дыбыс / бейне тарату профилі)
A2DP (Жетілдірілген дыбыс тарату профилі)
HSP (Гарнитура профилі)
OPP (Дерек беру профилі)
BIP (Негізгі бейнелеу профилі)
FTP (Файл тасымалдау профилі)

CE 0700

Bluetooth функциясын пайдаланғанда қадағаланатын сақтық шаралары

- ► 7 м (-45° - 45° арасында) диапазонда қолданыңыз.
- ► Құрылғы диапазоннан тыс немесе диапазонның ішінде кедергілер болғанда қолданылғанда байланыс қатесі орын алуы мүмкін.
- ► Байланыс қатесі жақын тұрған құрылғыларға байланысты пайда болуы мүмкін.
- ► 2,4 ГГц жиілігін пайдаланатын құрылғылар (сымсыз жергілікті желі, микротолқынды пеш, т.б.) бір жиілік жолағын пайдаланып, байланыс қатесін тудыруы мүмкін.
- ► Құрылғының іздеу уақыты Bluetooth құрылғыларының саны мен жұмыс жағдайына байланысты өзгеріп тұрады.
- ► Құрылғылар саны аз болғанда іздеу мүмкіндігі артады.
- ► Тиісті сымсыз құрылғы электромагниттік толқынға кедергі жасауы мүмкін.
- ► Тиісті сымсыз құрылғылар электромагниттік толқын кедергісін тудыруы мүмкін болғандықтан адам өміріне қатысты қызметтерді қамтамасыз етулері мүмкін болмайды.
- ► Бір уақытта тек бір Bluetooth құрылғысын жалғауға болады.
- ► Bluetooth гарнитурасын пайдаланғанда басқа Bluetooth құрылғыларынан фотосуреттер (тек JPEG пішімінде) алу немесе музыка тыңдау мүмкін емес.
- ► Bluetooth туралы қосымша мәлімет алу үшін Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- ► Жұмыс мына екі жағдайға тәуелді болады: (1) Құрылғы зиянды кедергі тудырмауы мүмкін, және (2) бұл құрылғы алынған кез келген кедергіні қабылдауы тиіс, соның ішінде құрылғының қаланбаған әрекеттерін тудыратын кедергілер.
- ► Bluetooth функциясын құрылғыны қосып, 30 секунд өткен соң қолдануға болады.
- ► Тасымалды өңдеу әдісіне және қолданылатын құлаққаспап жұмысына байланысты, дыбыс кенет үзілуі мүмкін.

QDID (Арнайы жасалу дәлдігі) : B015199

BLUETOOTH ФУНКЦИЯСЫН РЕТТЕУ

Bluetooth гарнитурасының көмегімен таратылатын дыбысты тыңдау немесе сырттағы бір құрылғыдан jpeg суреттерін алып, теледидарда көру, ұялы телефоннан (Bluetooth құрылғысы) музыка тыңдау қажет болса, ешбір кабельді жалғамастан сымсыз байланысты қолдануға болады.

BLUETOOTH мәзірін **Bluetooth қосулы** параметрін таңдап, қолдануға болады.
Bluetooth функциясын қолдану қажет болмаса, **Bluetooth өшірулі** параметрін таңдаңыз.

Сырттағы бір Bluetooth құрылғысына жалғанған болса, құрылғыны ажыратқаннан кейін **Bluetooth өшірулі** параметрін таңдауға болады.



1 MENU OK **BLUETOOTH** параметрін таңдаңыз.

2 OK **Bluetooth қосулы** параметрін таңдаңыз.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

BLUETOOTH МҮМКІНДІГІН ПАЙДАЛАНУ

BLUETOOTH ГАРНИТУРАСЫ

Bluetooth гарнитурасы таңдалғанда сымсыз байланыс арқылы теледидар дыбысын Bluetooth гарнитурасы көмегімен тыңдауға болады.
Алғаш пайдаланбас бұрын оны кез келген жаңа Bluetooth құрылғысымен жұптастыру керек. Қосымша мәлімет үшін тиісті құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
Ең көбі 12 құрылғыны жұптастыруға болады.
Құрал Bluetooth гарнитурасын іздеп жатқанда Stop («Тоқтату») (OK түймесі) түймесінен тыс басқа түймелер істемейді.

Жаңа Bluetooth гарнитурасын жалғау

Жаңа Bluetooth гарнитурасын тек **Ажырату** күйде іздеуге болады.
Іздеп жатқанда бүкіл жауап беріп тұрған Bluetooth гарнитураларының тізімі көрсетіледі.
Жаңа Bluetooth құрылғысы ізделіп болғаннан кейін құрылғыны жалғау үшін PIN нөмірі расталады. Қосымша мәлімет үшін тиісті құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.



1 **BLUETOOTH** параметрін таңдаңыз.

2 **Іздеу құлаққабы** пәрменін таңдаңыз

3 Қажетті Bluetooth гарнитурасын таңдаңыз.

4 Керекті Bluetooth гарнитурасының PIN нөмірін таңдаңыз. PIN нөмірін көру үшін тиісті құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

5 Bluetooth гарнитурасын жалғаңыз.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

Bluetooth гарнитурасына жалғану бұрыннан тіркелген

Bluetooth гарнитуралары ағымда қолданылып жатқаны тізімнің ең жоғарғы жағында болып, соңғы қолданылғандар ретімен тізімделген.

Бұрыннан тіркелген Bluetooth құрылғысына жалғанғанда ешбір PIN нөмірін растамастан тікелей таңдауға және жалғануға болады.



1 MENU OK **BLUETOOTH** параметрін таңдаңыз.

2 Қажетті Bluetooth гарнитурасын таңдаңыз.

3 OK Bluetooth гарнитурасын жалғаңыз.

- Bluetooth гарнитурасын жалғағаннан / пайдаланғаннан кейін теледидарды өшіріп, қайта қосқанда гарнитура параметрі **Ажырату** күйіне автоматты түрде ауысады.
- Bluetooth гарнитурасын жалғағаннан кейін теледидар динамигі Mute («Үнсіз») күйге ауысады және дыбыс гарнитурадан шығады.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

BLUETOOTH МҮМКІНДІГІН ПАЙДАЛАНУ

Пайдалану барысында Bluetooth гарнитурасын ажырату



1 MENU OK **BLUETOOTH** параметрін таңдаңыз.

2 **Ажыратылған** пәрменін таңдаңыз.

3 OK **Ажыратылған** пәрменін таңдаңыз.

4 OK Bluetooth гарнитурасын ажыратыңыз.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

Теледидарды Bluetooth гарнитурасынан жалғауды сұрағанда

Bluetooth мәзірі On («Қосылған») күйінде болып, гарнитурадан байланыс құру сұрауы жасалмаса, осы хабар көрсетіледі.
Гарнитуралардың барлығы бұл мүмкіндікті қолдамайды. (Bluetooth гарнитурасының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
Гарнитураның кейбір түрлері Тіркелген құрылғылар тізімінде болмаған жағдайдың өзінде өшірілген / қосылған болғанда байланыс құру әрекетін жасауы мүмкін.





Иә немесе **Жоқ** таңдаңыз.

ЕСКЕРІМ

- ► LG компаниясы келесі гарнитура үлгілерін ұсынады.
  -Plantronics VOYAGER-855 / SONY HBH-DS970, HBH-DS980 / Motorola S605 / Logitech Freepulse-wireless
  Гарнитура буферінің жад көлеміне қарай дыбыстың кідіртілуі орын алуы мүмкін.
- ► Bluetooth құрылғысымен үйлесімді болатындай ресми тексерілген стерео / моно гарнитурасын іздеп, жалғауға болады.
- ► Bluetooth құрылғылары арасында A2DP немесе HSP функцияларын қолдайтын стерео / моно гарнитурасын жалғауға болады.
- ► Теледидардың қоршаған ортасы төменде көрсетілгенге ұқсас болса, құрылғы дұрыс ізделмей, жалғанбауы мүмкін.
  -Күшті электромагниттік толқын болғанда.
  -Bluetooth құрылғылары көп болғанда.
  -Гарнитура өшірілгенде, орнында болмағанда немесе қатесі болғанда.
  -Микротолқынды пеш, сымсыз жергілікті желі, плазмалық жарық, газ пеші, т.б. сияқты құрылғылар бір жиілікті қолданғандықтан байланыс қатесін тудыруы мүмкін.
- ► Бір уақытта тек бір Bluetooth гарнитурасын жалғауға болады.
- ► Теледидардың өшірілгеніне, т.с.с. жағдайларға байланысты үзілген байланыс автоматты түрде қалпына келмейді. Құрылғына қайта жалғап көріңіз.
- ► Гарнитураны қолданғанда кейбір әрекеттер баяу жасалуы мүмкін.
- ► Гарнитураны пайдаланғаннан кейін Simplink жұмысы барысында simplink Home Theater («Үй кинотеатры») функциясы таңдалса, құрал автоматты түрде Үй кинотеатры динамиктеріне ауыспайды.
- ► Гарнитура байланысы тұрақты үзілетін болса, құрылғыны тағы бір рет жұптастырып көріңіз.
- ► Моно гарнитурасының дыбыс сапасы стерео гарнитурасының дыбыс сапасынан төмен болады.
- ► Теледидармен қашықтық ұзарған сайын моно гарнитурасында шуыл пайда болуы мүмкін. Стерео гарнитурасына қарағанда ол басқа тасымалдау әдісін қолданады.
- ► Bluetooth құрылғысы қолданыста болғанда Volume +/- («Дыбыс деңгейі +/-») және Mute («Үнсіз») пернелер істемейді, ал Audio («Дыбыс») мәзірі әдепкі мәнге ауысып, өшеді.
- ► Bluetooth функциясы On («Қосылған») күйде болғанда кез келген бір тіркелген құрылғы қосылса, басқа кіріс режимінде көрсетіп жатқан болса да, теледидар Bluetooth режиміне автоматты өтеді. Бұндай жағдайда Bluetooth функциясын Off («Өшірілген») күйге орнатыңыз.

BLUETOOTH МҮМКІНДІГІН ПАЙДАЛАНУ

Bluetooth құрылғысын жою

12 құрылғы тіркелгенде қосымша құрылғы тіркеуге болмайды және сырттағы құрылғылар теледидармен жұптаспайтын болады. Бұндай жағдайда, біреуін жойып (құрылғы теледидарға жалғанған болса, алдымен ажыратыңыз), одан кейін басқа құрылғыны тіркеуге болады.

Құрылғыны жойыңыз. функциясы теледидарға жалғанбаған құрылғыны таңдағанда қолжетімді болады.





1 

BLUETOOTH параметрін таңдаңыз.

2 

Құрылғыны жойыңыз. пәрменін таңдаңыз.

3 
Жою пәрменін таңдаңыз.

4 

Bluetooth құрылғысын жою.

- Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
- Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

BLUETOOTH АҚПАРАТЫМ

Бұл функция My Bluetooth Information («Bluetooth ақпаратым») мүмкіндігін пайдаланушыға қамтамасыз етеді.
Теледидар кез келген құрылғымен жалғанғанда Edit («Өңдеу») функциясы қолжетімді болады.

ТД ЖКН орнату немесе **ТД атауын орнату** параметрлерін өңдеуге болады.
Теледидар мекенжайын тексеруге болады.

Сыртқы Bluetooth құрылғысынан байланысты қабылдау үшін немесе сыртқы Bluetooth құрылғысына жалғану үшін PIN нөмірін енгізу қажет.

Сыртқы Bluetooth құрылғысының PIN нөмірін реттеу жолы туралы қосымша мәлімет алу үшін тиісті құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Теледидар PIN нөмірі 16 саннан тұратын нөмірлерден жасалған.
Теледидардың PIN нөмірі 1 саннан көп болуы керек.



1 MENU OK **BLUETOOTH** параметрін таңдаңыз.

2 Көк **Менің ақпаратым** параметрін таңдаңыз.

3 **ТД ЖКН орнату** немесе **ТД атауын орнату** пәрмендерін таңдаңыз.

4 OK **A**-**Z** әріптерін, **0**-**9** сандарын «+/ -» және бос орынды қолдануға болады.

5 OK Сақтау.

• Бірінен кейін бірін сандарды жою үшін < түймесін басыңыз.

• Қалыпты теледидарды қарауға оралу үшін **MENU/EXIT(МӘЗІР/КЕЛЕСІ)** түймешігін басыңыз.
• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

BLUETOOTH МҮМКІНДІГІН ПАЙДАЛАНУ

СЫРТТАҒЫ BLUETOOTH ҚҰРЫЛҒЫСЫНАН ФОТОСУРЕТТЕРДІ АЛУ

Сырттағы Bluetooth құрылғысынан теледидарға фотосуреттерді (тек JPEG пішімінде) жіберу жолы туралы мәлімет алу үшін тиісті құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.





• ∧∨‹› түймесі арқылы **Жасыру** пәрмені таңдалғанда экрандағы мәзір жоғалады. Бұған қоса, **OK** түймесін қайта басқанда экрандағы мәзір қайта көрсетіледі.


Керекті фотосуреттерді таңдаңыз.

(Бұру): фотосуреттерді бұру.

■ **(Бұру)** түймесінен кейін **OK** түймесі басылғанда фотосуретті сағат тілімен 90° градусқа бұрады.

- Қабылданатын суретт(ерд)ің ең жоғарғы жиналатын көлемі 10 Мб.
- Bluetooth гарнитурасын пайдалану барысында суретт(ерд)і алу мүмкін емес.
- Bluetooth құрылғысынан музыка тыңдау барысында суретт(ерд)і алу мүмкін емес.
- Сырттағы Bluetooth құрылғысы фотосурет жіберіп жатқан болса, қабылдауды тоқтату үшін **BACK** түймесін басыңыз. Алынған суреттердің барлығы нәтижесінде жойылады.
- Кейбір Bluetooth құрылғыларында сурет (JPEG) файлын теледидарға тасымалдау мүмкін болмайды

СЫРТҚЫ BLUETOOTH ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНАН ӘНДЕРДІ ТЫҢДАУ

Сырттағы Bluetooth құрылғысынан музыка тыңдау туралы мәлімет алу үшін тиісті құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

(Сыртқы құрылғы ретінде) A2DP профилін қолдайтын Bluetooth құрылғысын қолдану керек.

• Кейбір Bluetooth құрылғыларын пайдаланғанда теледидардың динамик жүйесі арқылы музыка тыңдау мүмкін болмайды.



• Дыбыс деңгейін реттеу үшін ⊿ немесе **-** түймесін басыңыз.
• Дыбысты өшіру қажет болса, **MUTE** («Үнсіз») түймесін басыңыз.
• Қалыпты теледидар көру режиміне қайту үшін **BACK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРІМ

► Bluetooth гарнитурасын пайдаланғанда музыка тыңдау мүмкін емес.
► Суретт(ерд)і алып жатқанда музыка тыңдау мүмкін емес.

USB ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

USB ҚҰРЫЛҒЫСЫН ЖАЛҒАҒАН КЕЗДЕ

USB құрылғысын қосқан кезде, осы ашылмалы мәзір автоматты түрде көрсетіледі.
Экран мәзірі, соның ішінде Menu («Мәзір»), ЭБТ немесе Schedule («Кесте») тізімі қосылғанда немесе Bluetooth гарнитурасы жалғанғанда, «ҚАЛҚЫМАЛЫ МӘЗІР» көрсетілмейді.
Қалқымалы мәзір көрінгенде, **Менің мультимедиам** мәзірінен музыка тізімін, фотосуреттер тізімін немесе кинофильмдер тізімін таңдай аласыз.
USB құрылғысында жаңа калтаны үстеу немесе бұрыннан бар калтаны жою мүмкін емес.
Дерек тасығышын таңдағаннан кейін ашылатын файлдарды қамтитын құрылғыны таңдаңыз.
Мыналардан таңдаңыз: USB құрылғысы, CIFS (Windows ортақтасу) немесе DLNA.
* CIFS : Бұл функция барлығы модуль үшін мүмкін емес.

1 USB құрылғысын теледидардың **USB IN 1** немесе **USB IN 2** ұяшығына қосыңыз.



2 **Фильм Тізімі**, **Фото тізімі** немесе **Саз тізімі** таңдаңыз.



3 OK Керекті құрылғыны таңдаңыз.

4 **Көк** Басқа желі құрылғысын іздеңіз.



• Алдыңғы мәзір бейнебетіне өту үшін **BACK(АРТҚА)** түймешігін басыңыз.

• Тек қана фото (JPEG), музыка (MP3) және фильм (DAT, MPG, MPEG, VOB, AVI, DIVX, MP4, MKV, TS, TRP, TP, ASF, WMV) үшін қолдау көрсетіледі.

USB құрылғысын ажыратып алу барысында

USB құрылғысын ажыратып алудан бұрын USB құрылғысы мәзірін таңдаңыз.

1 Q.MENU **USB құрылғысы** таңдаңыз.

2 OK **Шығару** таңдаңыз.

ЕСКЕРІМ

■ Көрсетілген бейне ТД көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін

► USB құрылғысын жоғалтып алмау үшін USB құрылғысын теледидардың USB қосқышының ұстағышына жалғау мақсатында USB қосқышын (бөлек сатылады) пайдаланыңыз. (Тек плазмалық теледидарда)



USB құрылғысын пайдаланған кездегі сақтық шаралары

- ► Тек USB дерек сақтау құрылғысы ғана танылады.
- ► Егер USB дерек сақтау құрылғысы USB хабы арқылы жалғанса, құрылғы танылмайды.
- ► Өздігінен танитын бағдарламаны пайдаланатын USB дерек сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- ► Өзінің драйверін пайдаланатын USB дерек сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- ► USB дерек сақтау құрылғысының тану жылдамдығы әр құрылғыға байланысты болуы мүмкін.
- ► Жалғаулы USB дерек сақтау құрылғысы жұмыс істеп тұрған кезде теледидарды ажыратпаңыз немесе USB құрылғысын ұяшадан суырмаңыз. Осындай құрылғы кенеттен ажыратылған немесе суырылған кезде, сакталған файлдарға немесе USB дерек сақтау құрылғысына зақым келуі мумкін.
- ► Компьютерде жасанды түрде жұмыска қосылған USB дерек сақтау құрылғысын жалғамаңыз. Құрылғы буймның дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы немесе ойната алмауы мүмкін. Тек қана қалыпты музыка файлдары, сурет файлдары немесе фильм файлдары бар USB сақтау құрылғысын пайдалануды ешқашан есіңізден шығармаңыз.
- ► Windows операциялық жүйесімен берілген FAT32 файлдық жүйесі, NTFS файлдық жүйесі түрінде форматталған USB сақтау құрылғысын ғана пайдаланыңыз. Егер дерек сақтау құрылғысы Windows жүйесі қолдамайтын басқа қызметтік бағдарлама болса, жүйе оны танымауы мүмкін.
- ► Сыртқы қуат көзін қажет ететін USB сақтау құрылғысын қуат көзге қосыңыз (0,5 A-ден жоғары). Әйтпесе, құрылғы танылмауы мүмкін.
- ► USB сақтау құрылғысын құрылғыны жасап шығарушы ұсынған кабельдің көмегімен қосыңыз.
- ► Кейбір USB дерек сақтау құрылғыларына дұрыс қолдау көрсетілмеуі немесе жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- ► USB жинақтауыш құрылғысының файлды орналастыру әдісі Window XP бағдарламасындағы әдіске ұқсайды және файл аты 100 ағылшын әрпінен тұруы мүмкін
- ► Маңызды файлдардың резервтік көшірмесін жасаңыз, себебі USB жадында сақталған деректер зақымдалуы мүмкін. Кез келген деректердің жоғалуына біз жауап бермейміз.
- ► Егер USB HDD құрылғысында сыртқы қуат көзі болмаса, USB құрылғысы табылмауы мүмкін сондықтан да сыртқы қуат көзіне қосыңыз. - Сыртқы қуат көзі үшін қуат адапторын пайдаланыңыз. Біз сыртқы қуат көзі үшін USB кабелімен қамтамасыз етпейміз.
- ► Егер сіздің USB жад құрылғыңызда бірнеше бөлік болса, немесе USB мульти-карталық оқу құрылғысын пайдалансаңыз, 4 бөлік немесе USB жад құрылғысын пайдалана аласыз.
- ► Егер USB жад құрылғысы USB мульти-карталық оқу құрылғысына қосылған болса, оның дыбыс деңгейі туралы деректері табылмауы мүмкін.
- ► Егер USB жад құрылғысы дұрыс жұмыс істемесе, оны ажыратыңыз және қайта қосыңыз.
- ► Құрылғыға байланысты USB жад құрылғысының танылу жылдамдығы да әр түрлі болып келеді.
- ► Егер USB Күту режимінде қосылған болса, теледидар қосылғанда арнайы қатты дискке автоматты түрде қотарылуы мүмкін.
- ► Ұсынылатын сыйымдылық болып USB Сыртқы қатты дискі үшін 1 ТБ немесе одан аз және USB жад құрылғысы үшін 32 ГБ немесе одан аз табылады.
- ► Сыйымдылығы аталғаннан жоғары болып табылатын кез келген құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- ► Егер "Қуат үнемдеу" функциясы бар USB сыртқы қатты дискі жұмыс істемесе, дұрыс жұмыс істеуі үшін оны өшіріп, қайта қосыңыз.
- ► USB 2.0 төмен USB жад құрылғысы да қолдаулы. Бірақ ол кино тізімінде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- ► Бір қалта ішінен ең көп 1000 қалта немесе файл танылады.
- ► USB сақтау құрылғысының файлды реттеуі Windows XP жүйесіне ұқсас және 100-ге дейінгі алфавит әріптерін қолдайды.

USB ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

CIFS (ЖАЛПЫ ЖЕЛІАРАЛЫҚ ФАЙЛ ЖҮЙЕСІ)

* CIFS : Бұл функция барлығы модуль үшін мүмкін емес.

Ортақ қалтаны (CIFS: Жалпы желіаралық файл жүйесі) реттеу

Ортақ қалтаны реттеу әдісі амалдық жүйе ортасына қарау әр түрлі болуы мүмкін.

1-мысал (Windows XP)

1 Ортақ болатын қалтаны таңдап, **Sharing** («Ортақтасу») параметрін басыңыз.



2 **Share this folder** («Осы қалтаны ортақтасу») параметріне құсбелгі қойып, **Apply** («Қолдану») пәрменін басыңыз.



2-мысал (Window Vista)

1 Ортақ болатын қалтаны таңдаңыз. Тінтуірдің оң жақ түймесін басып, **Share** («Ортақтасу») пәрменін басыңыз.



Everyone («Барлығы») параметрін қосып, **Share** («Ортақтасу») пәрменін басыңыз.



2 Ортақ болатын қалтаны таңдаңыз. Тінтуірдің оң жақ түймесін басып, **Properties** («Сипаттар») параметрін басыңыз.
Sharing («Ортақтасу») қойындысындағы **Advanced Sharing** («Күрделі ортақтасу») параметрін басыңыз.
Share this folder («Осы қалтаны ортақтасу») параметріне құсбелгі қойып, **Permission** («Рұқсат») параметрін басыңыз.
Everyone («Барлығы») параметрін қосып, **Full Control** («Толық басқару»)- **Allow** («Рұқсат ету») дегенге құсбелгі қойыңыз.



3 **File sharing** («Файлды ортақтасу») - **On** («Қосылған»), **Public folder sharing** («Ортақ қалтаны ортақтасу») - **On** («Қосылған») және **Password protected sharing** («Кілтсөзбен қорғалаған ортақтасу») - **Off** («Өшірілген») дегендерге құсбелгі қойыңыз.



USB ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

Желіде файлдарды көру

1 Компьютерде ортақ қалтаны орнатыңыз (CIFS: Жалпы желіаралық файл жүйесі) (88-89-бетті қараңыз).

2 Модемнің немесе маршрутизатордың LAN портын теледидардың **LAN** портына жалғаңыз.



3 

Менің мультимедиам таңдаңыз.

4 86-беттегі 2-5 қадамдарды қайталаңыз.

- Компьютердің ортақ файлдары теледидарда көрсетілетіндей компьютер мен теледидарды ортақтасу құрылғысы көмегімен жалғаңыз.
- Windows нұсқасына қарай ортақ қалтаны орнату жолы өзгеріп тұруы мүмкін.
- Бір уақытта екі теледидардан бір қалтаға кірілетін болса, жылдамдық баяулауы немесе қате туындауы мүмкін.
- Ортақ компьютердегі файлдардың жойылу ықтималы бар болғандықтан пайдаланушылардың пайдалану деңгейін Read Only («Тек оқу») мәніне орнатыңыз.
- Кез келген маңызды жеке құжаттарды ортақтаспаңыз. Басқа компьютер арқылы олардың қолданылуы мүмкін.
- Орнатудан кейін компьютердегі ортақ қалтаның аты өзгертілсе немесе жойылса, қайта орнату мүмкін болмайды.
- Компьютердегі ортақ қалтаның немесе желінің күйі өзгерсе, мәзірде ең жоғары тұрған қалтаны енгізгенде іздеу жасалады.
- Ең көбі 32 компьютерді ортақтасатын етіп жасауға болады.

USB ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

DLNA

DLNA туралы

Бұл теледидар DLNA технологиясын қолдайтын желіден және DLNA серверінен фильмдерді көрсетіп, фотосуреттер мен музыка мазмұнын көруге мүмкіндік беретін DLNA технологиясын қолдайтын сандық мультимедиа өнімі. Үйге арналған сандық желілер ортақ жүйесі (DLNA) — тұтынушы электроникасы, есептеу индустриясы және мобильді құрылғы компаниялардың сала-аралық ұйымы. Үйге арналған сандық жүйесі пайдаланушыларға үйде сымсыз немесе сымды желі арқылы сандық мультимедиалық файлдарды жеңіл ортақтасуға мүмкіндік береді.

DLNA қуәландыру логотипі DLNA ортақ жұмыс атқару принциптеріне сай болатын өнімдерді оңай табуға көмектеседі. Бұл құрал DLNA ортақ жұмыс атқару принциптерінің v1.5 нұсқасына сай. DLNA серверінің бағдарламалық құралын немесе басқа DLNA үйлесімді құрылғыны істетіп тұрған компьютер теледидарға жалғанғанда бағдарламалық құралдың немесе басқа құрылғылардың кейбір параметрлерін өзгерту қажет болуы мүмкін. Қосымша ақпарат үшін бағдарламалық құралдың немесе құрылғының пайдалану нұсқауларын қараңыз.

ЕСКЕРІМ

- Қамтамасыз етілген Nero MediaHome 4 Essentials ықшам дискі осы теледидарда файлдар мен қалталарды ортақтасуға арналған өзгертілуі мүмкін бағдарламалық құралдың шығарылымы.
